

ӘОЖ 378:376-056

FTAMP 15.81.99

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.77.2.015>

ЖАЙЛЫ ОРТА - МҰҒАЛІМНІҢ ЖАҒЫМДЫ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҚСАТТЫ КӨЗҚАРАСТАРЫН ДАМУ ФАКТОРЫ

Ахметова Г.К.¹, Бутабаева Л.А.², *Умирбекова А.Н.³

^{1,*3}Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

²Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Мақала барысында авторлар жағымды орта құру мүмкіндіктерін басты фактордың бірі ретінде қарастырады, ол инклюзивті білім беру ортасында білім беру арасында жағымды қатынас жүйесін құруға мұғалімдердің құндылық бағдарларын дамытуға арналған ұтымды жолдың бірі. Ғылыми зерттеудің негізгі мақсаты мұғалімдердің мақсатты көзқарастарын дамыту арқылы, білім беру ортасын жайлы құрып және оның жағымды қатынастар жүйесін қалыптастыруға әсерін зерттеу. Оның барысында авторлар, жайлы орта дегеніміз не, оның негізгі аспектілері мен мүмкіндіктеріне, жағымды қатынастар жүйесін қалыптастыруға әсер ету факторларды, мұғалімдердің мақсатты көзқарастарын дамыту мүмкіндіктерін теориялық тұрғыда талдау жүргізді. Жайлы орта – инклюзивті білім беру ортасын құру бағытында қарастырылып, білім беру ортасындағы мұғалімнің мақсатты көзқарастарын дамыту мүмкіндіктеріне салыстырмалы талдау жүргізілді. Өз зерттеулерінде авторлар жағымды орта қай деңгейде мұғалімнің кәсіби негізде дамуына, ішкі және сыртқы мотивациясын арттыру мен өз білім алушылары арасында қажетті қарым – қатынас үштігін құруға әсерін көрсеткен. Мұғалімнің өзіне деген сенімін арттыруға, ілгері даму жолында кәсіби білімі мен білігінің шындалуына оқу ортасының жағымды болуының маңызы көрсетілген. Жағымды орта құру факторлары мұғалім мен білім алушылар арасында сенім ортасы мен ынтымақтастық жолдарын құраға әсері негізделген. Сонымен қатар, мұғалім бойында тұрақты негізде құрылған жағымды ұстанымдар (эмоционалды тұрақты болу, қарым – қатынас құру, психологиялық жағымды ахуал құруға бағдар) өз кезегінде ұжымда жағымды қатынас құруға тікелей әсеріне талдау жасаған. Зерттеудің қолданбалы деңгейі мектеп директорлары арасында жүргізілген нәтижелермен айқындалды, зерттеу барысында алынған нәтижелер болашақта мектеп деңгейінде тиімді өзгерістер енгізуге негіз бола алады. Зерттеу нәтижелерін өндеуге Google онлайн-платформасы, SACERS шкаласы мен The Teacher Efficacy for Inclusive Practices (TEIP) сияқты арнайы инклюзивті білім беру ортасын зерттеуге арналған құралдар пайдаланылды.

Зерттеу нәтижесінде авторлар инклюзивті жағымды орта құру мұғалімнің жеке және кәсіби даму деңгейінің көрсеткіші ғана емес, сол ортаның жағымды ахуалын, білім алушылар арасындағы жағымды қарым – қатынасты құру құралы, ол өз кезегінде сапалы білім беру процесін ұйымдастырудың басты факторы, әр білім алушыға жайлы орта құрудың

тиімді жолы екенін көрсеткен.

Тірек сөздер: ерекше білім қажеттіліктері бар білім алушылар, инклюзивті білім беру, жайлы орта, коммуникативті толеранттылық, жағымды қарым – қатынас, бейімделген оқу жоспары мен бағдарламалары, өзіндік даму, мақсатты көзқарастар жүйесі

Кіріспе

Мақала мұғалімдердің жағымды қатынасын қалыптастырудағы мақсаттылығын дамытуға жайлы ортаның әсерін зерттеуге арналған. Оның негізінде инклюзивті білім беру ортасын құру арқылы жалпы мұғалім тұлғасына, мұғалімнің өзіндік дамуы мен өзін-өзі жетілдіруіне әсер ету тиімділігін және негізгі тенденцияларына зерттеу жүргізіледі. Зерттеу барысында жайлы ортаның тиімділігі қаншалықты деңгейде оқу үдерісіне әсері бар екені айқындалып, білім беру үдерісінің субъектілерімен зерттеу жүргізіледі. Ол өз кезегінде инклюзивті білім беру ортасының – жайлы ортаның құру сапасын арттыруға әсері қарастырылады.

Барлық білім беру ұйымдарында сапалы білім алуға тең дәрежедегі қолжетімді білім алу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету [1]. Мемлекеттік мекемелер тарапынан барлық білім алушылар үшін инклюзивті білім беру ортасын қамтамасыз етіп, бала әлеуетін толық негізде дамытуға, өзіндік сенім мен өзіндік құрметті қалыптастыруға, бала шығармашылығы, таланты мен тұлғалық дамуына, қоғамдық өмірдің барлық мүмкіндіктерін толық негізде алуға қолжетімділікті қамту [2]. ҚР Үкіметі тарапынан бекітілген Ұлттық жоба басымдықтарының, негізгі міндеттемелерінің бірі, мектептің білім беру ортасын қолайлы, қауіпсіз және заманауи ортамен қамтамасыз ету [3]. Жалпы білім беру ұйымдарында білім алушыларды психологиялық – педагогикалық қолдаудың бір бөлігі білім алушылардың сапалы білім, дамуы мен әлеуметтенуі үшін тиімді әлеуметтік, психологиялық – педагогикалық шарттарды құру [4] деп көрсеткен.

Инклюзивті тәжірибенің негізі әр білім алушының дербес ерекшеліктерінен бастау алады, бүгінде оқыту қоғамның әр мүшесінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы керек. Инклюзивті білім беру жүйесі оқыту үдерісін дербес ету ерекшеліктерін ескеріп ұйымдастырады, әр білім алушының жеке траекториясын құруға мүмкіндік береді. Бұл білім беру жүйесін ізгілендірудің негізін құраушы басты басымдықтардың бірі болып табылады [5].

Инклюзивті білім беру ұстанымдары негізінде құрылған білім беру ортасы қолайлы және қолжетімді ортаны қамтамасыз етеді, онда адам құндылығы оның мүмкіндіктері мен жетістіктеріне қатысты емес қолайлы, әр тұлға қарым-қатынас пен өз ойын еркін жеткізуге құқылы орта ұйымдастырылып, әр тұлғаның бір-біріне деген қажеттілігі ескеріліп және сапалы білім беру тек шынайы өзара әрекеттестікте іске асуы алға тартылады, барлық адамдар достық пен өз құрдастарының демеуін қажет ететіндіктен, әртүрлілік пен әмбебаптық адам өмірін толыққанды және жан-жақты етуі ескеріледі [6].

Инклюзивті білім беру идеясы негізінен барлығына тең дәрежеде білім беру ретінде қолданылған кезде, басты назар ерекше қажеттілігі бар білім алушыларға бағытталып, ол идея басым бағыттары күнделікті оқу үдерісіне тиімді ендірілсе, ол қолжетімді білім беру ортасын құрудың өзегі бола алатындығын атап өткен [7]. Бүгінде инклюзивті білім берудің тұжырымдамалық негізінің даму деңгейі көптеген өзгерістерге ие, оны біз мектепке дейінгі, орта, техникалық, кәсіби және жоғары, жоғарыдан кейінгі білім беру мекемелерінде білім беру ережелеріндегі елеулі өзгерістерден көреміз, соның ішінен зерттеуімізге қатысты тұстарын атап өтер болсақ, психологиялық – педагогикалық қолдау үдерісіне барлық білім алушыларды қосу, үш деңгейлі модель құру (сыныптар, топтар, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтері, арнайы мамандарды шақыру мүмкіндігінің болуы), оқудағы, тәрбие беру мен дамудағы қиындықтарды анықтау, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қиындықтарын анықтау, педагогтер мен барлық білім алушылардың ата-аналарына көмек көрсету мен кеңес беру, сапалы білім алу, даму мен тиімді әлеуметтену үшін әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдай құру [8].

Жолдауда көрсетілгендей табысты ұлтты қалыптастырудың басты факторларының бірі орта білім беру сапасына басты назар бөлу, яғни әр Қазақстандық оқушы жан-жақты даму мен білім алуы үшін лайықты шарттар болу керектігін көрсеткен. Осы орайда, біздің зерттеуіміздің басты мақсаты, білім алуға кедергісіз орта құру, барлық білім алушылардың жеке қажеттілігін ескеріп, балалардың бір – біріне деген жағымды қатынасын қалыптастыруға қолайлы орта құру мүмкіндіктеріне ғылыми-теориялық талдау жасап, тәжірибелік негіздерін анықтау. Зерттеу барысында төмендегідей міндеттемелер өз шешімін табады, біріншіден, сапалы инклюзивті білім беру үдерісінің тиімділігінің мониторингілеу мәселелерін зерттеу; екіншіден, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға құрдастарының жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру мүмкіндіктерін анықтау.

Материалдар мен әдістер

Зерттеуге 4187 мектеп директорлары қатысты, зерттеу үш бағытта жүргізілді, респонденттерден Google онлайн-платформасы арқылы зерттеу жүргізілді. Зерттеу инструментарийі арнайы білім беру ортасын бағалауға орналған SACERS шкаласы мен The Teacher Efficacy for Inclusive Practices (TEIP) бейімделген құралын ескеріліп құрастырылды. Зерттеу барысында мұғалімдердің еңбек өтілі, ауыл және қала мектептері категориялары ескерілді. Сауалнама сұрақтары директорлардан толық ақпарат алуға арналған ашық және жабық сұрақтардан тұрады. Сандық мәліметтерді статистикалық-математикалық өңдеу (сауалнама нәтижелері), (жиіліктер, корреляциялар, регрессиялар және басқа да статистикалық мәліметтер) Excel және SPSS бағдарламалық қолдану арқылы жүзеге асырылды. Зерттеу Қазақстан Республикасының заңнамасы аясында, барлық этикалық ұстанымдарды ескеріп жүргізілді.

Нәтижелер және талқылау

А. Маслоу әр тұлға өзіндік даму, кәсіби негізде өзіндік өзектенуге ынтасы тек қоршаған ортадағы басты қажеттіліктер қанағаттанғаннан кейін пайда болады, осы негізде ғалым әр маманның кәсіби дамуына жағымды орта құрылу керектігін айтады [9]. Жағымды кәсіби көзқарастарды қалыптастыру үшін мотивацияның жоғары деңгейі маңызды. Ол мақсаттылықты тұрақты етуге әсер етеді. Қоршаған ортамен тиімді байланыс құру арқылы жағымды ортада қарым-қатынас моделдері тиімді іске асырылады. Сонымен қатар осы орайда кәсіби негізде даму үшін ішкі мотивация мәні зор, ол жеке дербес әрекет, құзыреттілік мен ұжымдық өзара әрекеттестікті дамытады.

Әр оқу ортасын құру үшін оқу ортасының қауіпсіздігі мен қолайлығы, заманауи білім беру технологияларының болуы, дененің қалыпты дамуын қамтамасыз ететін жағдай болуы керек. Содай-ақ, эмоционалды жағымды орта білім алушылар мен педагогтер арасында жағымды қатынасты құрып, қауіпсіздік сезімін құрып, ол білім алушылар бойында оқуға деген құштарлық, бастамашылдық және креативтілікті тудырады. Білім алушылардың дербес және шығармашылық ойлауына барлық жағы ескерілген қауіпсіз орта әсері зор, оқу жоспарларын қолжетімді, күрделі ақпаратты игеруге көмек беру, білім алушылардың когнитивті мүмкіндіктерін дамытуға мүмкіндік береді деп көрсеткен.

Жағымды ортаның психологиялық ахуалы, дамыту мүмкіндіктері, әр білім алушы қажеттіліктерін ескеру, әлеуметтік орта әсерінің маңызын өз еңбектерінде (К.Роджерс, А.Маслоу, Л.С. Выгодский, А.Н. Леонтьев, А. Бандура) кеңінен тоқталған.

Жағымды білім беру ортасын құрудың психологиялық аспектілері А.Маслоу ішкі мотивацияны арттырудың эмоционалды күйі оқытудағы өз ахуалын тиімді қолдану мүмкіндіктерін, Г.Селье білім беру ортасының жағымсыз жағдайынан үздіксіз күйзеліске түсу негізінде, эмоционалды қажу, психологиялық денсаулығының төмендеуі, білім алушылардың қарым-қатынасқа түсу қиындықтарын тудырады, Д. Гоулман эмоционалды зияттылықтың жоғары болуы, кәсіби және білім беру ортасында қатысушылардың қарым-қатынасын жақсартуға әсер етеді, Ф.Герцберг қолайлы орта білім алушылар арасында жағымсыз қатынасты азайтып, эмоционалды тұрақтылық пен қарым-қатынасқа ашық болуын қамтиды, Д.Броули психологиялық денсаулыққа әлеуметтік байланыстардың демеу көрсетуінің маңызын көрсетеді. Білім беруде білім алушылардың өзара байланысы, білім алушы мен педагог байланысы, педагог пен ата-ана арасындағы байланыс ескеріледі.

Жоғарыда келтірілген ғалымдар пікірлерін ескеріп, біз білім берудің жайлы ортасын құрудың педагогикалық шарттарын ескеру қажеттілігі бар екендігіне назар аудару керек деп есептейміз: *дене шарттары* (оқу мекемелерінің қауіпсіздігі мен қолайлығы, оқу кеңістігін дұрыс ұйымдастыру, заманауи оқу ресурстарына қол жетімділік), *эмоционалды шарттар* (демеу көрсететін ахуал, орта күйзелісі қысымын төмендету, ата-ана, педагог пен білім алушылардың өзара эмоционалды демеуі), *әлеуметтік шарттар*

(педагог, ата-ана мен білім алушылар арасындағы жағымды әлеуметтік байланыстар, білім беру үдерісі қатысушыларының өзара әрекеттестігі мен қарым-қатынасы, әр бала ата-анасының білім алушылар білім алу үдерісіне қатысуы), *зияткерлік шарттар* (қызықты және өзекті оқу материалдары, білім алушылар мен мұғалімдердің сыни және шығармашылық ойлауы, әр білім алушы қажеттіліктері, мүмкіндіктерін ескеру арқылы құру), *мұғалімдердің кәсіби дамуының шарттары* (мұғалімдердің біліктілігін арттыру, мұғалім жетістіктері мен бастамаларына демеу көрсету, кәсіби міндеттемелерді бірлесіп шешу мүмкіндіктері). Осы негізде білім беру ортасындағы мұғалімнің мақсатты көзқарастарына салыстырмалы дамытуды біз Кесте 1 көре аламыз.

Кесте 1 - Білім беру ортасындағы мұғалімнің мақсатты көзқарастарына салыстырмалы дамыту

№	<i>Бастауыш сыныпта жағымды білім беру ортасын құрудағы мұғалімнің мақсатты көзқарастары</i>	<i>Инклюзивті білім беру жағдайында жағымды білім беру ортасын құрудағы мұғалімнің мақсатты көзқарастары</i>
1	барлық білім алушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету (базалық академиялық дағдыларды дамыту, тұлғалық даму)	барлық білім алушылар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету (оқу материалдарын бейімдеу, оқу дербестігін қамтамасыз ету)
2	жайлы және қауіпсіз білім беру ортасын құру (эмоционалды жайлылық, дене және психологиялық қауіпсіздік)	білім алушылар арасында эмпатия мен толеранттылықты дамыту (оқу үдерісі барысында білім алушылардың бір – бірін қабылдауын қалыптастыру, әлеуметтік және эмоционалды біліктілік бойынша сабақтар өткізу)
3	оқу мотивациясын қалыптастыру (ішкі мотивация, білім алушыларда өзіндік ізденіс дағдысын дамыту)	барлық білім алушылардың эмоционалды және әлеуметтік дамуын демеу (білім алушыларда жағымды өзіндік бағалау қалыптастыру, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту)
4	әр білім алушыларға дербес тәсіл қолдану (дербес ерекшеліктерді ескеру, ерекше қажеттілігі бар білім алушыларға демеу көрсету)	үнемі кәсіби даму мен өзіндік даму (инклюзивті білім беру әдіс-тәсілдемелерін зерттеу, өз әріптестерімен тәжірибе алмасу)
5	әлеуметтік қатынас дағдысын қалыптастыру (коммуникативтік дағдыларды дамыту, азаматтық және әлеуметтік жауапкершілікке тәрбиелеу)	мамандармен, ата-аналармен ынтымақтастықта әрекет ету (білім беру үдерісіне ата-аналарды қосу, өзге мамандармен бірлесіп қызмет ету)
<i>Мұғалімдердің мақсатты көзқарастарын дамыту</i>		
1	кәсіби және өзіндік білім (біліктілікті арттыру, кәсіби еңбектерді зерделеу)	үнемі білім алу мен кәсіби даму (инклюзивті білім беруге бағытталған біліктілік курстарына қатысу, тренинг-семинарларға қатысу)
2	өз іс-әрекетін талдау және рефлексия (тәжірибесін зерделеу, өзіндік даму)	өз тәжірибесіне талдау жасау мен рефлексиялық әрекеттің болуы (тәжірибесін зерделеу, қолданылған әдістердің тиімділігін бағалау)
3	ата-ана және әріптестерімен өзара әрекеттестік (тәжірибе алмасу, ата-аналармен жұмыс)	білім беру ортасында қолданылатын әдістер мен тәсілдерді бейімдеу (өз тәсілдерін икемді ету)
4		кәсіби және тұлғалық сапаларды нығайту (шыдамдылық, эмпатия, коммуникативті біліктер, күйзеліске төзімділік)

Кестеде көріп отырғанымыздай, инклюзивті білім беру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының бір – біріне жағымды қатынасының жүйесін қалыптастыруда мұғалім рөлі өте жоғары. Білім беру ортасы өзара құрмет, сенім мен демеу көрсетуге негізделген. Мұғалім әр білім алушының жеке мүмкіндіктеріне құрметпен қарап, сыныптағы инклюзивті мәдениетті құру, білім алушылар арасында өзара бірлескен әрекетті дамытып ұжымдық қатынас құруға бейімдеу, оқушылар арасында әлеуметтік өзара әрекеттестік және эмпатия қабілеттерін қалыптастыру, конструктивті қарым-қатынас құра алу қабілеттерін дамыту, өзінің және өзгенін көзқарасын құрметтеу, жағымды тұлғааралық қатынас құру, балалар өз құрдастарына демеу көрсетуге, сезімдерін түсінуге, эмпатиялық мүмкіндіктерін дамытуға бағытталған. Барлық білім алушыларға тең құқылы қатынас, ол сыныпта өзара сенім мен өзара құрметті арттырады, барлық балалардың білім алу мүмкіндігін арттыру, білім беру ортасының психологиялық ахуалын нығайту, білім алушылар арасында жағымды өзіндік бағалауға назар бөлу, білім алушыға өз маңыздылығын, өзіне деген сенімділігін дамытып, өз құрдастарымен жағымды қарым-қатынас құруға дұрыс орта бола алады, білім алушылардың эмоциясын толық негізде көрсетуге мүмкіндік беретін эмоционалды қауіпсіз орта құру. Мамандар мен білім алушылар ата-аналарымен ынтымақтастық нығайтуда, жағымды орта құру үшін арнайы тәрбие алаңын ұйымдастыру. Ол өз кезегінде кикілжіңді төмендетіп, мектеп пен үй жағдайында тәрбиелеу мүмкіндіктерін игереді. Көптеген мамандардың бірлескен әрекеті үнемі тиімді әсер ететіні анық.

Инклюзивті білім беру ортасына оқушыларды бейімдеудің өзіндік әлеуметтік-психологиялық қиындықтары бар. Ерекше қажеттіліктері бар білім алушылар, денсаулығында еш шектеу жоқ білім алушылармен қатар әлеуметтік-психологиялық бейімделуде көптеген мүмкін емес нұсқаларды таңдаған. Балалар бойында қоршаған ортаны, өзін және өз құрдастарын дұрыс қабылдай алмау, басымдық танытуға ұмтылысы байқалады. Әлеуметтік – психологиялық өзара әрекеттестік ерекшеліктерін білім беру ортасына бейімделудің негізгі қиындықтардың бірі деп атап өткен. Егер инклюзивті білім берудің басты бағыты білім алушыларды тиімді әлеуметтенуі мен өзіндік орнын табу болса, ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларды бәсең түрде бейімдеудің өзіндік қиындықтары бар. Бұл зерттеуде ерекше қажеттіліктері бар білім алушылар өз құрдастарымен байланысқа түсу деңгейі төмен, ал ол өз кезегінде білім алушылардың тұрақты әлеуметтік байланыс құрып, достық қатынас құрудағы қиындықтары бар екенін көрсеткен. Осы негізде мамандардың тарапынан демеу қажеттілігінің бар екенін атап өткен [10].

Аталған мәселе қажеттілігін көптеген ғалымдар өз зерттеулерінде көтереді, соның бірі инклюзивті сыныптарда қызмет ететін мұғалімдер арасында білім алушылардың әлеуметтік қабылдау, әлеуметтік қарым-қатынас пен әлеуметтік дағдыларының деңгейін зерттеу мақсатында сауалнама жүргізілген. Мұғалімдерге әлеуметтік қабылдауды анықтау үшін оқушыларға өз құрдастарымен қатынасын бес балдық шкаламен смайликтер арқылы бағалау ұсынылған. Балалар өз құрдастарымен ойнаған ұнайды

немесе ұнамайды деген шкаламен бағалаған. Әлеуметтік қатынастар оқушылар арасында бір-бірін бағалау негізінде іске асты, балаларға көп жағдайда кіммен сабақ арасында үзілістерде, сабақтан кейін жиі ойнайсың деген сұрақтар қойылған. Мұғалімдер оқушылары арасында жүргізген сұрақтар негізінде, өз білім алушыларының өзара достық деңгейі мен өз құрдастары арасындағы беделі бойынша баға берген [11].

Оқу ортасында білім алушылардың әлеуметтік өзара әрекеттестік жүйесі сыныпта, сыныптан тыс әрекетте, қосымша білім беру үдерісінде, түрлі тәрбиелік іс-шараларда қалыптасады. Осы негізде, көптеген мектептерде білім алушылардың өзара әрекеттестігін жақсарту, толеранттылығын арттыру бойынша іс-шаралар ұйымдастырылады. Зерттеу кезінде педагог мамандар мен ата-аналардан сауалнама алынған, олардың басым көпшілігі білім алушылардың іс-шараларға белсене қатысатындығын көрсеткен, оның ішінде атап өтетін жайт мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың ата-аналарының жауабы (22%) балалардың көрермен ретінде қатысуының басымдығы бар екенін көрсеткен. Осы орайда, әлеуметтік өзара әрекеттестікті арттыруда жағымды орта құрудағы мұғалімнің рөліне аса назар бөлу қажеттігін айқындай түседі [12].

Инклюзивті сыныптарда мұғалімнің негізгі рөлі, сабақтан тыс және сабақ барысындағы бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру мен жоспарлаудан тұрады. Педагогтер мен ата-аналар елеулі іс-әрекеттер үлгісі ретінде сапалы қызмет ете алуы керек. Инклюзивті тәжірибені іске асыруда педагогтерге көптеген кәсіби әрекеттерге ие болуы керек, өйткені бастауыш сыныпта мұғалім тұлғасына білім алушылардың соған қарай бейімделуінің мәні бар [13].

Инклюзивті сыныптарда заманауи талаптарға сай қалыптастырылған мектеп сипаттамалары арасында, өз іс-әрекетінің құрылымын жоспарлау, үдерістің ақпараттық үлгісін қалыптастыру үдерісінен, ақпаратты іздестіруді ұйымдастыру мүмкіндігінен, өз хабарламасының құрылымдық мүмкіндігінен, жаңа әдістерге және амалдарға құрылымдық мүмкіндіктерінен, техникалық дағдылар мен ақпараттық қоғам құралдарын білуден тұрады [14].

Көптеген қиындықтар оқу бағдарламасы мен оқытуды жобалау үдерісінің қоғам өзгерістерінің қарқынына ілесе алмауынан туындайды. Цифрландырумен және технологиялардың, контенттің, инфрақұрылымның, адами ресурстардың қарқынды дамуымен сипатталатын дәуірде ашық әрі баршаға қолжетімді оқыту ортасын (PLE) құру аса маңызды екенін көрсетеді. Сондықтан бұл зерттеу қалыпты және қалыптан тыс кооперативті әлеуметтік оқытуды біріктіретін PLE моделін жобалау үдерісін сипаттауға және оның іске асырылу мүмкіндігі мен негізділігін анықтауға бағытталғандығын көреміз [15].

Мұғалім тарапынан жағымды орта құрудың басты көрсеткіші инклюзивті білім беру ортасына, әр білім алушы ерекше қажеттіліктерін ескеріп оқу жоспарын бейімдей алу мүмкіндігінің болуы деп есептейміз. Осы орайда, авторлар мектеп директорлары арасында зерттеу жүргізді, оның міндеті мұғалімнің кәсіби дамуына әсер ететін және әр баланың ерекше білім алу қажеттілігі және жеке қажеттілігін ескеріп оқу жоспары мен “ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ” сериясы №2 (77) 2025

бағдарламасын құрудағы қиындықтарды анықтау болды. Директорлардан мектептеріндегі оқу жоспарлары мен бағдарламалар білім алушылардың ерекше мүмкіндіктері мен жеке қажеттіліктерін ескеріп құрылады ма деген сұраққа жауап беру сұралды (Кесте 2).

Кесте 2 - «Біздің мектеп педагогтері білім алушылардың ерекше мүмкіндіктері мен жеке қажеттіліктерін ескеріп оқу жоспары мен бағдарламасы бейімделеді» деген көзқараспен келісу және келіспеу, зерттеу кезінде мұғалімдер еңбек өтілімі ескерілген

<i>Педагогтардың еңбек өтілі</i>	<i>өзге</i>	<i>Жауап беруге қина- ламын</i>	<i>Жарты- лай келісе- мін</i>	<i>Жар- тылай келіс- пеймін</i>	<i>Келі- семін</i>	<i>Келіс- пей- мін</i>	<i>Толық келіс- пеймін</i>	<i>Толық келісе- мін</i>	<i>Бар- лығы</i>
1 жылдан төмен	15	1	25	3	25	0	0	186	255
1-5 жыл	16	2	57	6	44	4	1	367	497
6-15 жыл	40	12	119	4	125	12	7	893	1212
16-25 жыл	25	3	81	6	148	11	2	808	1084
26 жылдан аса	21	0	102	9	129	6	1	867	1135
Қорытынды	117	18	384	28	471	33	11	3121	4183

Кестеде көрсетілген нәтижелерге сәйкес, төмендегідей қорытындылар жасай аламыз, мектеп директорларының басым көпшілігі педагогтер оқу жоспары мен бағдарламаларын білім алушылардың ерекше мүмкіндіктері мен жеке қажеттіліктерін ескеріп бейімдейді деп көрсеткен. Толық келісемін деген жауапты белгілеген респонденттер әр топта бар:

- Еңбек өтілі 1 жылдан төмен: $186 / 255 = 72,94\%$
- 1-5 жыл арасы: $367 / 497 = 73,85\%$
- 6-15 жыл арасы: $893 / 1212 = 73,69\%$
- 16-25 жыл арасы: $808 / 1084 = 74,54\%$
- 26 жылдан аса: $867 / 1135 = 76,38\%$

Сонымен қатар, толық келісемін деген жауап бергендер саны еңбек өтілі 6–15 жыл (893 адам.) арасында және 26 жылдан аса еңбек өтілі бар топта (76,38%) басым екені айқын көреміз.

Педагог мамандардың еңбек өтілі мен мектеп директорларының оқу жоспары мен бағдарламаларын білім алушылардың ерекше мүмкіндіктері мен жеке қажеттіліктерін ескеріп бейімдейді деген пікірлері арасындағы статистикалық маңызды мәнділікті χ^2 тесті арқылы айқындаймыз.

p -шамасы ($0.001 < 0.05$) маңыздылық аймағынан төмен болғандықтан, біз педагогикалық еңбек өтілі мен мектеп директорларының пікірлері арасында статистикалық маңызды мәнділік бар екенін көре аламыз, осы орайда, оқу жоспары мен бағдарламаларын білім алушылардың ерекше мүмкіндіктері мен жеке қажеттіліктерін ескеріп бейімдеу дәрежесі мұғалімдердің еңбек өтіліне тікелей байланысты екенін көреміз.

Білім алушылардың жағымды ортасын құрудағы тағы бір басты көрсеткіш мұғалімдердің өзге мамандармен дұрыс қарым – қарым қатынас құрып, қалыпты қызмет атқаруы. Осы орайда, мектеп директорларына келесідей тұжырыммен келісу және келіспеу деңгейі анықталды. Арнайы педагогтермен мұғалімдердің қарым – қатынасы туралы пікірін анықтау (Кесте 3).

Кесте 3 - Мектеп директорларының пікірі «Арнайы педагогтер, әлеуметтік педагогтер, педагог – асистенттер білім алушылардың толық қажеттіліктерін ескеру үшін пән мұғалімдерімен бірлесіп қызмет етеді», бұл кестеде адам саны ауыл және қала мектептері ескерілген

Жұмыс орны	Жауап беруге қиналамын	Жартылай келісемін	Жартылай келіспеймін	келісемін	келіспеймін	Толық келіспеймін	Толық келісемін	Барлық адам саны
Қала мектебі	7	110	10	138	10	3	924	1202
	0,58	9,15	0,83	11,48	0,83	0,25	76,87	
Ауыл мектебі	19	247	16	318	38	5	2202	2845
	0,67	8,68	0,56	11,18	1,34	0,18	77,40	
Қорытынды	26	357	26	456	48	8	3126	4047

Зерттеу нәтижелері екі категориялы (ауыл және қала) мектеп директорлары бір бағытта ойлайтынын көрсетті, ол еліміздің барлық мектептерінде бірдей жағдай жасалғанын көрсетеді. 77% директорлар арнайы педагогтер, әлеуметтік педагогтер, педагог – асистенттер білім алушылардың толық қажеттіліктерін ескеру үшін пән мұғалімдерімен бірлесіп қызмет етеді деген пікірмен толық келіседі, (9,15% - қала мектебі және 8,68% ауыл мектебі) жартылай келіседі, (0,83% және 1,34%) келіспейтіндер саны.

p -шамасы ($0.001 < 0.05$) маңыздылық аймағынан жоғары (0.757) екенін χ^2 -тест нәтижесінен көреміз, ол ауыл және қала мектеп директорларының жауаптары арасында айырмашылық жоқ екенін көрсетеді, яғни мектеп директорлары жауаптары мектептің типіне байланыссыз, елеулі мәнділік жоқ екенін көрсетеді.

Зерттеу барысында әр түрлі еңбек өтілі бар педагогтердің инклюзивті білім берудің қолданбалы мүмкіндіктерін анықтау мақсатында, мектеп директорлары арасында келесідей тұжырыммен келісу және келіспеу деңгейі анықталды (Кесте 4).

Кесте 4 - «Біздің мектеп педагогтері кәсіби деңгейде инклюзивті практиканы жүргізе алады» педагогтер еңбек өтілі мен саны ескерілген

Педагог еңбек өтілі	Жауап беруге қиналамын	келісемін	келіспеймін	Толық келіспеймін	Толық келісемін	Жартылай келісемін	Жартылай келіспеймін	Барлық адам саны
1 жылдан төмен	5	13	4	5	178	41	1	247
	2,02%	5,26%	1,62%	2,02%	72,06%	16,60%	0,40%	
1-5 жыл	5	44	4	3	348	73	3	480
	1,04%	9,17%	0,83%	0,63%	72,50%	15,21%	0,63%	
6-15 жыл	30	113	14	11	775	228	9	1 180
	2,54%	9,58%	1,19%	0,93%	65,68%	19,32%	0,76%	
16-25 жыл	27	129	4	8	657	236	4	1 065
	2,54%	12,11%	0,38%	0,75%	61,69%	22,18%	0,38%	
26 және одан жоғары	23	132	15	6	675	262	4	1 117
	2,06%	11,82%	1,34%	0,54%	60,43%	23,45%	0,36%	
Қорытынды	90	431	41	33	2 633	840	21	4 089

Зерттеу нәтижелері келесідей нәтиже берді:

1. *Жас педагогтер (еңбек өтілі 1 жылдан төмен және 1-5 жыл:* мектеп директорлары инклюзивті практиканы жүргізу деңгейі жоғары деп көрсеткен, ол бүгінде ЖОО – нда инклюзивті білім беруге даярлық деңгейімен байланысты деп ойлаймыз.

2. *Еңбек өтілі 6-15 және 16-25 лет:* бұл деңгейде мектеп директорлары жауаптарында әр түрлі жауаптар байқалады, жартылай келісемін және жартылай келіспеймін деген жауаптар басымдық танытқан, ол бұл мұғалімдерді қосымша білім мазмұнымен қамтамасыз ету қажеттілігі бар екенін көреміз.

3. *26 жылдан аса еңбек өтілі бар:* мектеп басшыларының пікірлері жоғары деңгейлі келіспеушілікті көрсетеді, ол бұл категориялы мұғалімдерге жеке біліктілік арттыру модулдерінің қажеттілігін айқындайды.

χ^2 -тест нәтижесі бойынша р-шамасы (0.0000451) 0.05 қалыпты шамасынан біршама төмен, ол статистикалық маңызды аймақты көрсетеді, яғни мұғалім еңбек өтілі мен инклюзивті практиканы тиімді іске асыру арасында маңызды айырмашылық бар екенін көреміз. Бұл зерттеу нәтижесінде де біздің байқағанымыз, мектеп директорларының пікірі мен мұғалім еңбек өтілі арасында елеулі өзгеріс бар, ол өз кезегінде түрлі еңбек өтілі бар мұғалімдерге дифференциацияланған оқыту бағдарламалары қажет екенін айқындайды.

Қорытынды

Жайлы орта – ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып зерттеу кезінде айқындалған, яғни біздің жағдайымызда инклюзивті білім беру ортасы тікелей мұғалімнің жағымды қатынастар жүйесін қалыптастырудағы мақсатты көзқарастарын дамытудың басты факторы бола алатынын зерттеу барысында айқындадық. Сонымен қатар, жайлы орта құруда міндетті түрде инклюзивті мәдениет ескерілу қажет, оның негізінде бір ортаға тиесілігі мен құндылықтары мектепте сақталуы, мектептегі ынтымақтастық мінез-құлқы мен көзқарастары, жүйелер мен үдерістер, оқытудың әмбебап дизайн басымдықтарын қолдануды қамтамасыз етілу қажеттіліктерін айқындадық.

Зерттеу нәтижесінде, мектеп директорлары мен мұғалімдер арасында кері байланыс орнату қажеттілігі, ол еңбек өтілі жоғары мұғалімдердің өз тәжірибесімен бөлісудің тиімді тәсілі екенін көреміз. Оқу жоспары мен бағдарламаларын бейімдеуде еңбек өтілі жоғары мұғалімдердің жас мамандарға тәлімгерлік көмегінің қажеттілігін айқындадық. Оқу жоспары мен бағдарламаларын бейімдеуде барлық пән мұғалімдерінің бірлесіп қызмет ету қажеттілігін көреміз, ата – аналар мен мектеп мұғалімдерінің бірлескен қызметі, оқу жоспарларын тиімді бейімдеу жолдарын іздеу мақсатында арнайы семинарлар өткізу қажеттілігі бар екенін айқындадық.

Пән мұғалімдері мен арнайы мамандардың бірлесіп қызмет етіп тиімді инклюзивті білім беру практикаларының тәжірибелерін зерделеу, бірлескен сабақтар ұйымдастыру, арнайы сандық технологияларды ендіру, негізгі мәселелерді айқындау үшін арнайы мониторинг ұйымдастыру

сапалы инклюзивті білім беру үдерісінің тиімділігінің мәнін анықтайды. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға құрдастарының жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру мүмкіндіктері тікелей мұғалімге байланысты екенін көреміз, өйткені әр баланың білім мүмкіндіктері мен жеке қажеттіліктерін ескеріп берілген оқу жоспары, бағдарламалары, арнайы мамандар (арнайы педагог, әлеуметтік педагог, педагог - асистент) пікірлері, тәжірибесі мен көмегі ескеріліп, ата – аналармен бірлесіп қызмет ету мүмкіндіктері дұрыс жолға қойылып, мектеп әкімшілігі тарапынан мұғалімнің өзіндік дамуына толық жағдай жасалған кезде ғана, әр мұғалімнің сыныбында білім алушылардың жағымды қатынасы тиімді деңгейде іске асады.

Қаржыландыру туралы ақпарат Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің BR21882231 «Қазақстанның орта білім беру жүйесінде инклюзивтілік пен қолжетімділікті қамтамасыз етудің тұжырымдамалық моделі» (2023-2025 жж.) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы аясында жүргізілді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Основная идея: право на общедоступность образования и на равные условия в отношении качества обучения. Ратифицирована Законом РК от 28 января 2016 года № 449-V ЗПК Режим доступа: URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1600000449/compare> [Дата обращения: 29.09.2024].

[2] Ратифицирована Законом Республики Казахстан от 20 февраля 2015 года № 288-V ЗПК Режим доступа: URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000288/compare> [Дата обращения: 17.07.2024].

[3] Об утверждении национального проекта «Качественное образование «Образованная нация» Постановление Правительства Республики Казахстан от 12 октября 2021 года № 726. Утратило силу постановлением Правительства Республики Казахстан от 22 сентября 2023 года № 828 Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000828> [Дата обращения: 17.09.2024].

[4] Об утверждении Правил психолого-педагогического сопровождения в организациях дошкольного, среднего, технического и профессионального, после среднего образования, дополнительного образования Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 12 января 2022 года № 6. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 18 января 2022 года № 26513. Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026513> [Дата обращения: 17.08.2024].

[5] Шадчин И.В., Сидоров В.В. Гуманизация общества: задачи инклюзивного образования сегодня // Профессиональное образование и рынок труда. - 2014. - №9. Режим доступа: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/gumanizatsiya-obschestva-zadachi-inklyuzivnogo-obrazovaniya-segodnya> [Дата обращения: 17.09.2024].

[6] Алехина С.В. Принципы инклюзии в практике образования - Аутизм и нарушения развития. – 2013. - № 1 (40). - С. 26-32.

[7] Омарова, Т.К. Особенности концептуализации инклюзивного образования в Казахстане Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки». – 2016. - №3 (49). - С. 61-67.

[8] О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам обеспечения прав женщин и безопасности детей Закон Республики Казахстан от 15 апреля 2024 года № 72-VIII ЗРК. Режим доступа: [Дата обращения: 17.07.2024].

[9] Фрейджер Р., Фэйдимен Д. Теории личности и личностный рост// Электронная библиотека Гумер (электронный ресурс), Режим доступа: http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Psihol/freydjer/15.php [Дата обращения: 12.08.2024].

[10] Калинина Н.В. Социально - психологические трудности адаптации школьников в инклюзивной образовательной среде // Изв. Саратов. ун-та Нов. сер. Сер. Акмеология образования. Психология развития. - 2014. - №4. Режим доступа: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnopsihologicheskie-trudnosti-adaptatsii-shkolnikov-v-inklyuzivnoy-obrazovatelnoy-srede> [Дата обращения: 11.09.2024].

[11] Garrote A. Relationship between the social participation and social skills of pupils with an intellectual disability: A study in inclusive classrooms. Frontline Learning Research. - 2017. - 5(1). – S. 1–15.

[12] Хуснутдинова М.Р. Особенности социального взаимодействия учащихся в системе инклюзивного образования. Психологическая наука и образование psyedu.ru. - 2016. - Том 8. № 1. - С. 62–75.

[13] Юдина, Т.А. Роль педагога в организации взаимодействия младших школьников, обучающихся в инклюзивных классах // Педагогическое образование в России. - 2017. - №11. Режим доступа: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-pedagoga-v-organizatsii-vzaimodeystviya-mladshih-shkolnikov-obuchayuschihsya-v-inklyuzivnyh-klassah>. [Дата обращения: 05.06.2024].

[14] Сабырханова Л.Ш., Ибашова А.Б., Белесова Д.Т. Информационно-образовательная среда по курсам scratch и робототехника в начальной школе: особенности и актуальность. - 2023. - Том 68 № 1. - С.254-270.

[15] Suartama I.K., Yasa I.N., Triwahyuni E. Instructional Design Models for Pervasive Learning Environment: Bridging Formal and Informal Learning in Collaborative Social Learning // Education Sciences. – 2024. – Vol. 14. – Article No. 1405.

REFERENCES

[1] Osnovnaia ideia: pravo na obşedostupnöst obrazovania i na ravnye uslovia v otnoşenii kachestva obuchenia. Ratifisirovana Zakonom RK ot 28 ianvarä 2016 goda № 449-V ZRK (The right to equal access to education and to equal conditions in terms of the quality of education. Ratified by the Law of the Republic of Kazakhstan dated January 28, 2016 No. 449-V ZRK.) Rejim dostupa: URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1600000449/compare>. [Data obrashcheniya: 29.09.2024]. [In Rus.]

[2] Ratifirovana Zakonom Respubliki Kazakhstan ot 20 fevralä 2015 goda № 288-V ZRK (The right to equal access to education and to equal conditions in terms of the quality of education. Ratified by the Law of the Republic of Kazakhstan dated February 20, 2015 No. 288-V ZRK.) Rejim dostupa: URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000288/compare>. [Data obrashcheniya: 17.07.2024]. [In Rus.]

[3] Ob utverjdenii nasionälnogo proekta "Kachestvennoe obrazovanie "Obrazovannaia nasia" Postanovlenie Pravitelstva Respubliki Kazakhstan ot 12 oktäbrä 2021 goda № 726. Utratilo silu postanovleniem Pravitelstva Respubliki Kazakhstan ot 22 sentäbrä 2023 goda № 828 (On Approval of the National Project "Quality Education 'Educated Nation'" Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated October 12, 2021 No. 726.

Invalidated by the Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated September 22, 2023 No. 828.) Rejim dostupa: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000828> [Data obrashcheniya: 17.09.2024]. [In Rus.]

[4] Ob utverjdenii Pravil psihologo-pedagogicheskogo soprovjdenia v organizasiah doşkölnogo, srednego, tehničeskogo i profesionälnogo, posle srednego obrazovania, dopolnitelnogo obrazovania Prikaz Ministra obrazovania i nauki Respubliki Kazakhstan ot 12 ianvarä 2022 goda № 6. Zaregistririvan v Ministerstve iustisii Respubliki Kazakhstan 18 ianvarä 2022 goda № 26513. (On Approval of the Rules for Psychological and Pedagogical Support in Organizations of Preschool, Secondary, Technical and Vocational, Post-Secondary, and Additional Education Order of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated January 12, 2022 No. 6. Registered with the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan on January 18, 2022 No. 26513.) Rejim dostupa: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026513> [Data obrashcheniya: 17.08.2024]. [In Rus.]

[5] Şadchin İ.V., Sidorov V.V. Gumanizasia obşestva: zadachi inklüzivnogo obrazovania segodnä // Profesionälnoe obrazovanie i rynek truda. (Humanization of Society: The Challenges of Inclusive Education Today // Vocational Education and Labor Market.) - 2014. - №9. Rejim dostupa: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/gumanizatsiya-obschestva-zadachi-inklyuzivnogo-obrazovaniya-segodnya> . [Data obrashcheniya: 17.09.2024]. [In Rus.]

[6] Alehina S.V. Principy inklüzii v praktike obrazovania - Autizm i naruşenia razvitia. (Principles of Inclusion in Educational Practice // Autism and Developmental Disorders.) – 2013. - № 1 (40). - S. 26-32. [In Rus.]

[7] Omarova T.K. Oso-ben-nos-ti kon-sep-tualiza-sii ink-lüziv-no-go obrazova-nia v Kazahstane Vestnik KazNU. Seria «Pedagogicheskie nauki». (Peculiarities of the Conceptualization of Inclusive Education in Kazakhstan // Bulletin of KazNU. Series: Pedagogical Sciences.) - 2016. - №3 (49). - S. 61-67. [In Rus.]

[8] O vnesenii izmeneni i dopolneni v nekotorye zakonodatelnye akty Respubliki Kazakhstan po voprosam obespechenia prav jenşin i bezopasnosti detei Zakon Respubliki Kazakhstan ot 15 aprelä 2024 goda № 72-VIII ZRK. (On Amendments and Additions to Certain Legislative Acts of the Republic of Kazakhstan on Ensuring the Rights of Women and the Safety of Children Law

of the Republic of Kazakhstan dated April 15, 2024 No. 72-VIII ZRK.) [Data obrashcheniya: 17.07.2024]. [In Rus]

[9] Freijer R., Feidimen D. Teorii lichnosti i lichnostnyi rost// Elektronnaia biblioteka Gumer (elektronnyi resurs) (Personality Theories and Personal Growth // Gumer Electronic Library (electronic resource).) Rejim dostupa: http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Psihol/freydjer/15.php. [Data obrashcheniya: 12.08.2024]. [In Rus]

[10]Kalinina N.V. Sosiälno - psihologicheskie trudnosti adaptatsii škölnikov v inklüzivnoi obrazovatelnoi srede // İzv. Sarat. un-ta Nov. ser. Ser. Akmeologia obrazovania. Psihologia razvitia. (Socio-Psychological Difficulties of Schoolchildren's Adaptation in an Inclusive Educational Environment // Proceedings of Saratov University. New Series. Series: Educational Acmeology. Developmental Psychology.). - 2014. №4. Rejim dostupa: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnopsihologicheskie-trudnosti-adaptatsii-shkolnikov-v-inklyuzivnoy-obrazovatelnoy-srede>. [Data obrashcheniya: 11.09.2024]. [In Rus]

[11]Garrote A. Relationship between the social participation and social skills of pupils with an intellectual disability: A study in inclusive classrooms. Frontline Learning Research. - 2017. - 5(1). – S. 1–15.

[12]Husnutdinova M.R. Osobenosti sosiälного vzaimodeistvia uchaşıhsä v sisteme inklüzivnogo obrazovania Psihologicheskaiia nauka i obrazovanie (Peculiarities of Social Interaction of Students in the Inclusive Education System // Psychological Science and Education.) psyedu.ru. - 2016. - Tom 8. № 1. - S. 62–75. [In Rus]

[13]İudina T.A. Röl pedagoga v organizasii vzaimodeistvia mladşih škölnikov, obuchaiuşihsä v inklüzivnyh klasah // Pedagogicheskoe obrazovanie v Rosii. (The Role of the Teacher in Organizing Interaction Among Primary School Students in Inclusive Classes // Pedagogical Education in Russia.) 2017. №11. Rejim dostupa: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-pedagoga-v-organizatsii-vzaimodeystviya-mladshih-shkolnikov-obuchayuschihsya-v-inklyuzivnyh-klassah>. [Data obrashcheniya: 05.06.2024]. [In Rus]

[14]Sabyrkhanova, L.Sh., Ibashova, A.B., & Belesova, D.T. Informatsionno-obrazovatel'naya sreda po kursam Scratch i robototekhnika v nachal'noy shkole: osobennosti i aktual'nost'. Pedagogika i Psikhologiya. (Information and Educational Environment for Scratch and Robotics Courses in Primary School: Features and Relevance.) - (2023). - 68(1). – S. 254–270. [In Rus]

[15]Suartama I.K., Yasa I.N., Triwahyuni E. Instructional Design Models for Pervasive Learning Environment: Bridging Formal and Informal Learning in Collaborative Social Learning // Education Sciences. – 2024. – Vol. 14. – Article No. 1405.

КОМФОРТНАЯ СРЕДА ФАКТОР РАЗВИТИЯ ЦЕЛЕВЫХ УСТАНОВОК УЧИТЕЛЯ В ФОРМИРОВАНИИ СИСТЕМЫ ПОЗИТИВНЫХ ОТНОШЕНИЙ

Ахметова Г.К.¹, Бутабаева Л.А.², *Умирбекова А.Н.³

^{1,*3}Казахский Национальный педагогический университет имени
Абая, Алматы, Казахстан

²Национальная академия образования имени Ы.Алтынсарина,
Астана, Казахстан

Аннотация. В ходе статьи авторы рассматривают возможности создания комфортной среды как один из основных факторов, это один из рациональных способов развития целевых установок учителей для создания системы позитивных отношений в инклюзивной образовательной среде. Основная цель научного исследования – создание комфортной образовательной среды и изучение ее влияния на формирование системы позитивных отношений путем развития целенаправленных установок учителей. В ходе исследования авторы провели теоретический анализ что такое комфортная среда, ее основные аспекты и возможности, факторы, влияющие на формирование системы позитивных отношений, возможности развития целевых установок педагогов. Комфортная среда рассмотрена в направлении создания инклюзивной образовательной среды, проведен сравнительный анализ возможностей развития целевых установок педагога в образовательной среде. В своих исследованиях авторы показали, на каком уровне комфортная среда влияет на профессиональное развитие учителя, повышая внутреннюю и внешнюю мотивацию и создавая необходимые взаимоотношения между обучающимися. Показана важность комфортной среды для повышения уверенности учителя в своих силах, укрепления профессиональных знаний и умений для будущего развития. Факторы создания комфортной среды основаны на эффекте создания среды доверия и способов сотрудничества между преподавателями и учениками. Кроме того, авторы проанализировали прямое влияние целых установок (эмоциональной устойчивости, построения отношений, направленности на создание психологически комфортной атмосферы), создаваемых на постоянной основе у учителя, в свою очередь, на создание положительных отношений в коллективе. Прикладной характер исследования обоснован результатами, проведенными среди директоров школ, результаты, полученные в ходе исследования, могут стать основой для проведения эффективных изменений на уровне школы в будущем. Для обработки результатов исследования использовались онлайн-платформа Google, шкала SACERS и The Teacher Efficacy for Inclusive Practices (TEIP).

В результате исследования авторы установили, что создание инклюзивной комфортной среды является не только показателем уровня личностного и профессионального развития педагога, но и средством создания позитивной атмосферы в этой среде, позитивных взаимоотношений между обучающимися, что, в свою очередь, является основным фактором

организации качественного образовательного процесса и эффективным средством создания комфортной среды для каждого.

Ключевые слова: студенты с особыми образовательными потребностями, инклюзивное образование, комфортная среда, коммуникативная толерантность, позитивное отношение, адаптированные учебные планы и программы, саморазвитие, система целевых установок

COMFORTABLE ENVIRONMENT AS A FACTOR IN THE DEVELOPMENT OF TARGET ATTITUDE OF A TEACHER IN THE FORMATION OF A SYSTEM OF POSITIVE RELATIONS

Akhmetova G.K.¹, Butabaeva L.A.², *Umirbekova A.N.³

^{1,*3}Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

²National Academy of Education named after Y. Altynsarin, Astana, Kazakhstan

Abstract. In the course of the article, the authors examine the possibilities of creating a comfortable environment as one of the main factors; it is one of the rational ways to develop teachers' targeted attitudes for establishing a system of positive relationships in an inclusive educational environment. The main goal of the scientific research is to create a comfortable educational environment and to study its impact on the formation of a system of positive relationships through the development of purposeful attitudes among teachers. In the course of the research, the authors conducted a theoretical analysis of what a comfortable environment is, its main aspects and possibilities, the factors influencing the formation of a system of positive relationships, and the opportunities for the development of educators' targeted attitudes. The comfortable environment has been examined in the context of creating an inclusive educational setting, and a comparative analysis of the opportunities for the development of educators' targeted goals in the educational environment has been conducted. In their research, the authors demonstrated how a comfortable environment influences a teacher's professional development by enhancing both internal and external motivation and fostering necessary relationships among students. The importance of a comfortable environment for enhancing a teacher's confidence in their abilities, as well as strengthening their professional knowledge and skills for future development, has been highlighted. The factors for creating a comfortable environment are based on the effect of establishing a trustful atmosphere and methods of collaboration between teachers and students. Furthermore, the authors analyzed the direct influence of goal settings (emotional resilience, relationship building, and the focus on creating a psychologically comfortable atmosphere) that are consistently established by the teacher, in turn, on the creation of positive relationships within the group. The practical nature of the research is justified by the results obtained from school directors; the findings from the study could serve as a foundation for implementing effective changes at the school level in the future. The online platform Google, the SACERS scale, and The Teacher Efficacy for Inclusive Practices were used to process the research results. (TEIP).

As a result of the research, the authors found that creating an inclusive and comfortable environment is not only an indicator of the level of personal and professional development of educators but also a means of fostering a positive atmosphere in that environment and positive relationships among learners. This, in turn, is a key factor in organizing a quality educational process and an effective means of creating a comfortable environment for everyone.

Key words: students with special educational needs, inclusive education, comfortable environment, communicative tolerance, positive attitude, adapted curricula and programs, self-development, goal-setting system

Авторлар туралы мәлімет:

Ахметова Гаухар Кенжебаевна - Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті докторанты, e-mail: gaukhar2501@mail.ru

Бутабаева Лаура Аскарровна - PhD, қауымдастырылған профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, e-mail: butabaeva_laura@mail.ru

Умирбекова Акерке Нурланбековна - PhD, постдокторант, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университет, e-mail: umirbekova.akerke@list.ru

Информация об авторах:

Ахметова Гаухар Кенжебаевна – докторант Казахского Национального педагогического университета имени Абая, e-mail: gaukhar2501@mail.ru

Бутабаева Лаура Аскарровна - PhD, ассоциированный профессор, Национальная академия образования имени Ы.Алтынсарина, e-mail: butabaeva_laura@mail.ru

Умирбекова Акерке Нурланбековна - PhD, постдокторант, Казахского Национального педагогического университета имени Абая, e-mail: umirbekova.akerke@list.ru

Information about authors:

Akhmetova Gaukhar Kenzhebayevna - doctoral student, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, e-mail: gaukhar2501@mail.ru

Butabaeva Laura Askarovna - Doctor of Philology, associate professor, National Academy of Education named after Y. Altynsarin, e-mail: butabaeva_laura@mail.ru

Umirbekova Akerke Nurlanbekkyzy - Doctor of Philology, postdoctoral fellow, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, e-mail: umirbekova.akerke@list.ru

Мақала түсті: 4 қыркүйек 2024